

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекеті Үкіметінің арасындағы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 маусымдағы N 703 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:  
1995 жылғы 27 желтоқсанда Иерусалимде қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекеті Үкіметінің арасындағы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р                      - М и н и с т р і н і ң*

*орынбасары*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекетінің Үкіметі арасындағы айналадағы ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі КЕЛІСІМ \***

**\*(Келісім 1998 жылғы 19 қазанда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2004 ж., N 3, 14-құжат)**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекетінің Үкіметі (осы арада және бұдан әрі қарай "Тараптар" деп аталатын),

екі ел арасындағы достық қатынастарды нығайтуға және айналадағы ортаны қорғау жөніндегі ынтымақтастықты дамытуға тілек білдіре отырып;

айналадағы орта қазіргі кездегі және болашақтағы ұрпақтардың денсаулығы мен есен-саулығы үшін қорғалуға тиісті деп сене отырып;

экономиканы орнықты дамыту табиғи ресурстарды экологиялық жағынан негізделген басқаруды талап ететінін мойындай отырып;

Тараптар арасындағы ынтымақтастық әрбір елдің глобальды айналадағы ортаның сақталуы үшін жауапкершіліктері тұрғысында өзара пайдалы және маңызды болып табылатынын толық ұғына отырып;

айналадағы ортаның глобальды проблемалары жөнінде оған сай келетін шешімдер қабылдау көзқарасы тұрғысынан экологиялық саясат пен практиканың маңыздылығын мойындай отырып;

экономикалық өсуге және орнықты даму принциптеріне негізделген тұрмыс деңгейінің барынша жоғары стандартына қол жеткізудің аса маңыздылығын ескере

о т ы р ы п ;

бұдан әрі қарай Рио-де Женејрода 1992 жылы маусымда өткізілген БҰҰ-ның Айналадағы орта және даму жөніндегі Конференциясының рухын қолдай отырып, мыналар жөнінде уағдаласты:

## 1-бап

Тараптар теңдік, өзаралық тиімділік негізінде айналадағы ортаны қорғау саласында ынтымақтасатын болады.

## 2-бап

Айналадағы ортаны қорғаудың мына төмендегі салалары екі Тараптың да ерекше м ү д д е л і г і н т а н ы т а д ы :

- \* су ресурстарын басқару және қорғау;
- \* шөлге қарсы күресті қоса алғанда, топырақ пен жерді басқару және қорғау;
- \* ауа мен атмосфераны қорғау;
- \* қатты, сұйық және қауіпті қалдықтарды экологиялық жағынан негізделген қайта өңдеу, қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауларды бақылау;
- \* тұрмыстық және өнеркәсіптік сарқын суларды қайта өңдеу;
- \* әр түрлі көріністердегі әр алуандықты және арнайы қорғалынатын аумақтарды сақтауды және тұрақты басқаруды қоса алғанда, табиғатты қорғау және сақтау;
- \* экологиялық білгірлікке және білім алуға жәрдемдесу;
- \* айналадағы ортаға әсер етуге баға беру әдістерін енгізу;
- \* экологиялық мониторинг және тексеру жүйелері;
- \* экологиялық негізделген технологияларды дайындау;
- \* жерді пайдалануды жоспарлауды және даму жөніндегі шараларды тұрақты э к о л о г и я л ы қ б а с қ а р у ;
- \* экологиялық заңдар шығару, заңдар, заңды актілер мен нормативтер және оларды ж ү з е г е а с ы р у ;
- \* теңіздердің ластануымен күресу және оны болдырмау, климаттың өзгеруі, озондық қабаттардың жұқаруы және биологиялық әртүрлілікті қорғауды қоса алғанда, глобальдық экологиялық проблемалар.

## 3-бап

1. Екі жақты ынтымақтастықтың нақты тақырыптарын Тараптар әрбір Тарап белгілеген басым міндеттерді ескере отырып, белгілеуге тиісті.

2. Тараптар осы Келісім бойынша ынтымақтастықтың нақты мәселелері жөніндегі жобаларды және жұмыстарды белгілеу үшін жұмыс бағдарламаларын жасайды.

## **4-бап**

### **Ынтымақтастыққа мыналар :**

- (1) ғылыми-техникалық ақпарат және мәліметтер алмасу;
- (2) маман делегациялар, білікті сарапшылар, оқушылар және ғылыми қызметкерлер алмасу ;
- (3) кездесулер, симпозиумдер, лекциялар және көрмелер ұйымдастыру;
- (4) бірлескен ғылыми-техникалық зерттеулер және ынтымақтастықтың жобаларын жасау ;
- (5) Тараптар қажет деп санаған ынтымақтастықтың кез келген басқа да нысандары кіреді.

## **5-бап**

Тараптар осы Келісім бойынша ынтымақтастыққа қатысуға үкіметтік агенттіктерді, академиялық институттарды және жеке меншік экономикалық кәсіпорындарды шақыра алады.

## **6-бап**

1. Екі Тарап та өзара уағдаластық бойынша өздерінің ынтымақтастығының нәтижелерін үшінші тарапқа бере алады. Ақпарат алмасу және оны үшінші тараптарға беру кезінде екі тарап та қолданыстағы заң ережелерін, үшінші тараптардың құқықтары мен халықаралық міндеттемелерін ескеретін болады.

2. Қорғауға лайықты немесе қорғалынған ақпаратты пайдалану ерекше келісімді талап етеді.

## **7-бап**

1. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі мен Израиль Мемлекетінің Айналадағы ортаны қорғау министрлігі осы Келісімді орындауға жауапты министрліктер болып табылады.

2. Осы Келісімнің орындалуын үйлестіру кем дегенде әрбір екі жылда бір рет екі елдің астаналарында алма-кезек өткізілуге тиісті өкілдерінің өзара кездесулерінде жүзеге асырылатын болады.

## **8-бап**

Егер басқаша жағдай көзделмеген болса, әрбір Тарап осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындауға сәйкес келетін ресурстарды қамтамасыз етеді. Әрбір Тараптың ұзақ мерзімдік жұмыстарды орындау қабілеті оның тиісті қаржы қорларының

мүмкіндігімен өлшенетіні және әрбір тараптың осы Келісім жөніндегі жобалар үшін қаржы іздейтіні түсінікті.

## **9-бап**

1. Осы Келісімдегі ешнәрсе де халықаралық заңдарға сәйкес басқа келісімдерден туындайтын қолданыстағы құқықтар мен міндеттемелерге зиянын тигізетіндей болып түсіндірілмейді.

2. Осы келісім бойынша жүргізілетін жұмыстар әрбір елде қолданылатын заңдарға және заңдық актілерге бағынуға тиісті.

## **10-бап**

Осы Келісімді орындау процесінде туындайтын мәселелер Тараптар арасындағы консультациялар барысында шешілетін болады. Осы Келісімге түзетулер екі Тараптың келісуімен жасалатын болады және осы Келісімнің 11-бабының тармақтарымен сәйкес күшіне енеді.

## **11-бап**

Осы Келісім Тараптар бір-біріне осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті олардың ішкі заңдарының талаптары орындалғаны және оның бес жыл бойы өз күшінде қалатыны туралы хабарлаған екінші Дипломатиялық Нота алынған күннен бастап күшіне енеді.

Сонан соң осы Келісім әрбір Тарапқа тиісті бес жылдық кезең мерзімі өткенге дейін алты айдан кешіктірілмей жазбаша нысанда бұл туралы мәлімделмейінше келесі бес жылдық кезеңге өздігінен жалғастырылатын болады.

Осы Келісім қолданысының аяқталуы осы Келісім бойынша қол жеткізілген уағдаластықтың ешқайсысына да зиян келтірілмейді.

5756 \_\_\_\_\_ күніне \_\_\_\_\_ сәйкес келетін 1995 жылғы \_\_\_\_\_ екі данада қазақ, иврит, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды, барлық даналарының күші бірдей. Қазақ, орыс немесе иврит тілдеріндегі мәтіндерді түсіндіруде пікір алшақтығы болған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Израиль Мемлекетінің

Үкіметі үшін